

2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджеті туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 17/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 желтоқсанда № 4462 болып тіркелді.

2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат ШЕШТІ:

1. 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 149 473 226,6 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 15 233 282,1 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 976 922,3 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4 647,1 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 133 258 375,1 мың теңге;
- 2) шығындар – 148 262 980 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 6 306 559 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 10 223 028 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 3 916 469 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1 890 000 мың теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 1 890 000 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -6 986 312,4 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6 986 312,4 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 10 207 099,1 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 3 810 201 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 589 414,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2018 № 27/2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2018 жылға арналған облыстық бюджет кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;

орманды пайдаланғаны үшін төлем;

қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы.

3. Облыстық бюджетке аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттерінен алынатын салық түсімдерінің жалпы сомасын 2018 жылға бөлу мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Петропавл қаласы - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары - 16 пайыз.

4. Аудандар, Петропавл қаласы бюджеттеріне салық түсімдерінің жалпы сомасын 2018 жылға бөлу белгіленсін:

әлеуметтік салық бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары - 84 пайыз, Петропавл қаласы - 100 пайыз.

5. Облыстық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік мекемелердің таза табысы бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түскен түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар.

6. Облыстық бюджет түсімдері мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

7. Облыстық бюджеттен аудан бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 2018 жылға жалпы сомасы 37 151 065 мың теңгеде белгіленсін, соның ішінде:

Айыртау – 3 675 109 мың теңге;

Ақжар – 2 238 199 мың теңге;

Аққайың – 2 060 787 мың теңге;

Есіл – 2 951 692 мың теңге;

Жамбыл – 3 096 542 мың теңге;

Мағжан Жұмабаев – 3 344 953 мың теңге;

Қызылжар – 3 527 859 мың теңге;

Мамлют – 2 231 321 мың теңге;

Ғабит Мүсірепов атындағы – 3 408 724 мың теңге;

Тайынша – 3 726 172 мың теңге;

Тимирязев – 1 662 450 мың теңге;

Уәлиханов – 2 339 090 мың теңге;

Шал ақын – 2 361 493 мың теңге;

Петропавл қаласы – 526 674 мың теңге.

8. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға;

2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;

3) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

6) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне;

- 8) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;
- 9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;
- 10) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 11) "Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012–2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үшінші кезеңін (2016–2018 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 213 қаулысымен бекітілген Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012–2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;
- 12) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 13) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.11.2018 № 26/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 14) еңбек нарығын дамытуға;
- 15) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;
- 16) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;
- 17) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.11.2018 № 26/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 18) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 19) саламатты өмір салтын насихаттауға;
- 20) жұқтырылған иммунитет тапшылығы синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 21) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;
- 22) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге, және осы шығыстар бағыты бойынша жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен төленген сомаларды қалпына келтіруге;
- 23) ұлттық біліктілік тестілеуден өткен және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлігі біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 24) "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында кредиттер бойынша проценттік мөлшерлемелерді субсидиялауға.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 04.06.2018 № 21/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2018 № 26/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері ескерілсін, оның ішінде:

- 1) білім объектілерін салуға және реконструкциялауға;
- 2) денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға;
- 3) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға;
- 4) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға;
- 5) "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы (бұдан әрі - Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы) шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;
- 6) көлік инфрақұрылымын дамытуға;
- 7) Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.
- 8) ""Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республика Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға";
- 9) "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында индустриалдық инфрақұрылымды дамытуға.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы трансферттерді бөлу 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 04.06.2018 № 21/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2018 № 26/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін, оның ішінде:

- мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;
- нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;
- облыс орталықтарында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге.

Көрсетілген сомаларды бөлу 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

11. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың бюджеттерінен және Петропавл қаласының бюджетінен 2 162 706 мың теңге сомасында трансферттер түсімі мыналарға байланысты көзделсін:

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға ауыстырылуына – 1 660 915 мың теңге;

жұмыс берушінің міндетті медициналық сақтандыру аударымдарына ставкалардың азаюына – 501 791 мың теңге.

Аудандық бюджеттерден және Петропавл қаласының бюджетінен трансферт түсімдерінің сомаларын бөлу 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 04.06.2018 № 21/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11-1. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне нысаналы трансферттер және бюджеттік кредиттер көзделсін.

Көрсетілген трансферттерді және бюджеттік кредиттерді бөлу 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.02.2018 № 19/1 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Осы шешімге 4-қосымшаға сәйкес 2018 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару үрдісінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтыны белгіленсін.

12-1. 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттен және республикалық бюджеттен берілген 2017 жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген нысаналы трансферттер есебінен 2018 жылға арналған облыстық бюджет шығыстары қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 12-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.02.2018 № 19/1 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 2018 жылға Солтүстік Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының резерві 129 070,1 мың теңге сомада бекітілсін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.11.2018 № 26/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақыны толық көлемде төлеу қамтамасыз етілсін.

15. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

16. Аудандар бюджеттерінде ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорттың мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстар көзделсін.

17. Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы қарызының лимиті 2018 жылға 29 808 492,4 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

18. "Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы Солтүстік Қазақстан өңірлік құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оны Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

19. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихаты
XVII сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
хатшысы*

А. Молдағұлов

В. Бубенко

2018 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2018 № 27/2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы		
1	2			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	149 473 226,6
1			Салықтық түсімдер	15 233 282,1
	01		Табыс салығы	12 852 541,9
		2	Жеке табыс салығы	12 852 541,9
		03	Әлеуметтік салық	537 299
		1	Әлеуметтік салық	537 299
		05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 843 441,2
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 843 441,2
2			Салықтық емес түсімдер	976 922,3
		01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	139 317
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	33 641
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9 1 633,3
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 4 042,7
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 4 723,1
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 4 723,1
		04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	570 936,7
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық	

			Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	570 936,7
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	251 945,5
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	251 945,5
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 647,1
01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 647,1
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 647,1
4			Трансферттердің түсімдері	133 258 375,1
01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	2 309 719,1
	2		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	2 309 719,1
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	130 948 656
	1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	130 948 656
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	148 262 980
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 479 056,5
	110		Облыс мәслихатының аппараты	50 710
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	50 710
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 311 550
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	918 226,9
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	28 963
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	297 235,1
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	21 039
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	44 782
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 304
	257		Облыстың қаржы басқармасы	745 051,1

	001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	738 598,2
	009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	689
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 763,9
269		Облыстың дін істері басқармасы	49 705
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 9 194,8
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	604,2
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	19 906
282		Облыстың тексеру комиссиясы	158 066
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	154 066
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 000
289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	55 662
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 919
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 743
727		Облыстың экономика басқармасы	1 08 312,4
	001	Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 315
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14 390
	061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	5 607,4
02		Қорғаныс	1 92 306,8
287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	24 822
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	24 822
736		Облыстың жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы	1 67 484,8
	001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 543
	003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	28 161
	005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	6 0 057,4
	007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	3 0 466,7
	014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	6 500
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 756,7

03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5 218 047
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5 218 047
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 754 463
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	6 195
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	265 167
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	58 738
	014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	32 602
	015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	100 882
04		Білім беру	13 490 399,7
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	168 831
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	121 051
	044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	47 780
	261	Облыстың білім басқармасы	10 501 823,4
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 487
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 472 766,7
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	19 853
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	73 348
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	779 053,5
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	52 257
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	40 436
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 270
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	4 107 392
	029	Әдістемелік жұмыс	35 528
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	341 110
	055	Балаларға қосымша білім беру	184 250
		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемәкі төлеу үшін және оқу	

	056	кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	127 460
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	15 400
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	132 580
	071	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 790 589
	072	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	187 323
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 003 720,2
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 265 349,6
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	9 17 054,4
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	3 48 295,2
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 554 395,7
	012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 550 000
	069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	4 395,7
05		Денсаулық сақтау	3 581 796,8
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 169 124
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	108 799
	006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	177 349
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	58 964
	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	88 866
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	1 049
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	45 888
	023	Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	60 600
	027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	694 590

	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	62 941
	033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	1 745 060
	041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	125 018
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 12 672,8
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 12 672,8
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4 944 446,8
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	4 072 834,7
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 21 006,6
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	504 828
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	247 760
	012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	57 884
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 431 419,5
	014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	45 755
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	229 812
	018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	35 457
	019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	1 100
	037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 79 432,2
	044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	3 837,4
		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір	

	045	сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	206 190,9
	046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	707,1
	049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	159 890
	053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	8 150
	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	110 450
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	29 155
261		Облыстың білім басқармасы	7 62 704,6
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	7 15 346,4
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	4 7 358,2
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	32 855
	077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	32 855
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 1 637,5
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	2 1 637,5
298		Облыстың мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы	54 415
	001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	49 946
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 469
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16 070 221,8
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4 4 074,3
	047	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	4 4 074,3
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 14 329,7
	043	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	1 14 329,7

261		Облыстың білім басқармасы	1 51 657,3
	064	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	1 51 657,3
273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	8 9 880,5
	016	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	8 9 880,5
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	7 818 574,5
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 741
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 4 160,8
	010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 316,2
	030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 373 319,9
	032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	2 395 343,8
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 687 562,5
	114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	2 83 130,3
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	65 851
	010	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	65 851
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 785 854,5
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 780 372,9
	034	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	6 005 481,6
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5 408 973,5
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	674 577
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 310
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15 200

	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	588 067
264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	101 042
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 302
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	61 915
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 825
273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 719 007
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 320
	005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	156 201
	006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	80 000
	007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	215 950
	008	Театр және музыка өнерін қолдау	700 516
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	160 551
	010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	259 736
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	19 095
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	70 638
283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	92 626
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	22 642
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	69 984
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 552 364,4
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 7 170,4
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	63 032
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	2 379 014
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	53 148
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 57 418,1
	024	Спорт объектілерін дамыту	4 395,7
	027	Мәдениет объектілерін дамыту	2 53 022,4
289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	11 939
	010	Туристік қызметті реттеу	11 939
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 70 684,1
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 70 684,1

	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	170 684,1
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	37 232 845,9
	251	Облыстың жер қатынастары басқармасы	47 535
	001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47 535
	254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	936 219
	001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 733
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	758 752
	006	Жануарлар дүниесін қорғау	25 663
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	76 071
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	35 953 557,7
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	176 867,3
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	1 303 262,3
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 681
	018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	2 478
	019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	20 000
	020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	396 312,9
	041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	6 346 656,8
	045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	127 098,6
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	4 116,9
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	5 336 335
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	6 401 211
	053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	8 429 388,5
	054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	114 816

	055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	4 214 356
	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 059 102
	057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	8 60 955,4
	060	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	50 003
	071	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке оқыту	90 917
719		Облыстың ветеринария басқармасы	2 44 171,2
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 6 168,5
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 651,9
	028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	839
	030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	3 0 068,7
	040	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкерлердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу	1 9 036,5
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 15 406,6
729		Облыстың жер инспекциясы басқармасы	51 363
	001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48 083
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 280
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	3 26 024,8
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 80 854,8
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 1 835,2
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 060,9
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	72 405
	114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	1 14 553,7
728		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы	45 170

	001	Жергілікті деңгейде сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 170
12		Көлік және коммуникация	15 572 429,1
268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	15 572 429,1
	001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	77 304
	002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 328 633
	003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 324 838,9
	005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	671 775
	025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 216 256,2
	027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	735 188
	028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	7 471 060,9
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 747 373,1
13		Басқалар	3 335 348,1
257		Облыстың қаржы басқармасы	1 29 070,1
	012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	1 29 070,1
261		Облыстың білім басқармасы	220 869
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	220 869
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	335 739
	024	"Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	1 12 412,5
	035	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	4 469
	052	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 18 857,5
280		Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	61 250
	001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 347

	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 092
	005	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	5 811
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	536 985
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	536 985
289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	2 051 435
	005	"Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	16 000
	006	"Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	1 802 024
	008	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	5 411
	015	"Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	210 000
	027	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	18 000
14		Борышқа қызмет көрсету	2 3 440,8
257		Облыстың қаржы басқармасы	2 3 440,8
	004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	2 1 509,5
	016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	1 931,3
15		Трансферттер	40 216 958,3
257		Облыстың қаржы басқармасы	40 216 958,3
	007	Субвенциялар	37 151 065
	011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 31 129,6
	017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	2 500
	024	Заннаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2 734 537
	052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	1 79 183,2
	053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 8 543,5

		3) Таза бюджеттік кредиттеу	6 306 559
		Бюджеттік кредиттер	10 223 028
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 831 260
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 831 260
	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	6 831 260
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3 085 739
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	2 335 487
	037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	2 335 487
	727	Облыстың экономика басқармасы	750 252
	007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	750 252
13		Басқалар	306 029
	289	Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	306 029
	069	Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	306 029
Санаты			Сомасы
	Сыныбы	Атауы	, мың
	Кіші сыныбы		теңге
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 916 469
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 916 469
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3 916 468,7
	2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	0,3
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы
	Бағдарлама		, мың
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	1 890 000
		Қаржы активтерін сатып алу	1 890 000
13		Басқалар	1 890 000

	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	1 890 000
		065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 890 000
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-6 986 312,4
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру	6 986 312,4
			(профицитін пайдалану)	
7			Қарыздар түсімдері	10 207 099,1
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	10 207 099,1
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	6 836 333,1
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	3 370 766
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
16			Қарыздарды өтеу	3 810 201
	257		Облыстың қаржы басқармасы	3 810 201
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	3 399 482
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3 83 278,1
		057	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	2 7 440,9
Санаты				
	Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші сыныбы			
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	5 89 414,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	5 89 414,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	5 89 414,3

2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыныбы		
1	2			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	114 944 372
1			Салықтық түсімдер	15 847 440
	01		Табыс салығы	13 389 989
		2	Жеке табыс салығы	13 389 989
		03	Әлеуметтік салық	566 025
		1	Әлеуметтік салық	566 025
		05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 891 426
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 891 426
2			Салықтық емес түсімдер	69 280
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	48 940
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімдері	13 000
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	30 340
